

## **Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округі Бөрлі ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 34 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 тамызда № 3966 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Бөрлі ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Бөрлі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округі Бөрлі ауылындағы кейбір көше атаулары:  
"Безымянная" көшесі – "А. Л. Ковалев" көшесі;  
"Советская" көшесі – "Достық" көшесі деп қайта аталсын.
2. Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Г. Жамбаева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бөрлі ауылдық округінің әкімі*

*В. Баштовенко*